

Дефектологтың жылдық жоспары 2023-2024 ж.

Мақсаты: жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, сөйлеу дамуының кешігуі (ЗРР), қалыпты есту және дыбыс айтылуының бұзылуы, ауытқу деңгейін тексеріп (Дислалия), жеке дыбыстардың дұрыс айтылмауымен, сөйлеудің айқын бұрмалануымен көрінетін сөйлеу бұзылысы .Балаларда мұндай патологияның болуы сөйлеу аппараттарының құрылымындағы ақаулармен байланысты .Дыбыстардың деформациясы мұрын жұтқыншақ қуыстарындағы ауа ағындарының дұрыс бөлінбеуіне байланысты пайда болады (Ринолалия), баланың психикалық дамуы жас ерекшелігіне сай келетініне назар аударып, сөздік қорының шектелуімен түзету жұмыстарын жүргізіп, білім беру бағдарламасы мазмұнын меңгеруіне уақытылы арнайы көмек көрсету.

Міндеттері:

1. Балалардың даму деңгейін диагностикалау және оқудағы үлгермеуін анықтау.
2. Балалардың жалпы даму деңгейін көтеру мақсатында жеке және топтық түзете-дамыту сабақтарын өткізу.
3. Баланың дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу мақсатында ата-аналармен және педагогтармен кеңес жүргізу.
4. Жекелей және топтық коррекциялық сабақтардың тиімділігін арттыру үшін дидактикалық материалдар жиынтығын құрау.
5. Толық меңгерілмеген оқу шеберлігі мен дағдыларын, таным сферасы мен сөйлеу тілінің дамуындағы ауытқушылықтарды түзетуді қалыптастыру бойынша балалармен жеке жұмыс жүргізу, жаңа оқу материалдарын қабылдау мен меңгеруге бағытталған дайындық.

№	Жұмыс түрі	Мерзімі
Қыркүйек	Жаңа оқу жылына кабинетті дайындау	Үнемі
	Балаларды жалпы бақылау	Үнемі
	ОПМПК тұжырымдамасымен қабылданған балаларды және оқыту мен тәрбиелеуге үлгерімі төмен балаларды анықтау. Арнайы әдістемелерді пайдалана отырып, үлгерімі төмен балаларды диагностикалау	Ай сайын
	Әр балаға жеке дамыту бағдарламасын құрастыру	03.09.-16.09.2023
	Ата-аналармен жұмыс жоспарын құру	03.09-16.09.2023
	Мұғалімдермен жұмыс жоспарын құру, балабақшадағы іс-шараларға қатысу	03.09-16.09.2023 Үнемі
	Жекелей кеңес беру папкасын толтыру, журналға есепке алу	03.09-16.09.2023
Қазан	Балалардың құжаттарын реттеу	Үнемі
	Балаларды есепке алу журналына тіркеу	Жыл бойы
	Түзету сабағына қатысатын балаларды топтық және жекелей жұмыс кестелерін құру	Үнемі
	Балалардың ата-аналарымен және олардың топ жетекшілерімен жиналыс өткізу,	Үнемі
	Ата-анаға отбасындағы түзету жұмысын үйрету	Үнемі

Қараша	Балаларды жасына сай психо-физиологиялық ерекшеліктерін жалпы бақылау	Жыл бойы
	Балаға жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша түзету сабақтарын жүргізу	Жыл бойы
	Арнайы әдістемелік құралдар мен әдебиеттер, көрнекі құралдар жинау	Жыл бойы
	Кейбір балалардың дефектологпен және логопедпен бірігіп сөйлеу тілдерін жаттықтыру	Үнемі
	Ата-аналармен жекелей әңгімелесу	Үнемі
Желтоқсан	Сабақты ұлттық ойындарды қолдана отырып топтарда балалармен жұмыс жүргізу	Үнемі
	Балаға жеке түзету-дамыту бағдарламасы бойынша түзету сабақтарын жүргізу	Жыл бойы
	Ашық сабақтарға, семинарларға қатысу.	Үнемі
	Жекеленген және топтық түзету сабақтарына арнап әдістемелік материалдар, әдебиеттер жинағын жасау	Жыл бойы
Қаңтар	Баланың бақылау папкасын толықтыру	Үнемі
	Баланың психо-физикалық дамуын анықтау	Үнемі
	Баланың ауызша сөйлеу тілін түзету	Үнемі
	Үлгерімі төмен балалардың таным ерекшеліктерін ескере отырып, сюжетті, рөлдік ойындар арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жүргізу	Үнемі
	Балабақшада өткізілетін іс-шараларға белсене қатысу	Жыл бойы
Ақпан	Арнайы әдістемелерді пайдалана отырып, үлгерімі төмен балаларды диагностикалау	Жыл бойы
	Түзету-дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау	Жыл бойы

	Мотивациясы төмен балалармен жұмыс	Үнемі
	Ғылыми және публицистік журналдармен жұмыс жасау.	Үнемі
	Ата-аналармен сауалнама жүргізу	Үнемі
Наурыз	Баланың тілін жаттықтыра отырып, сөйлеу дамуының жас нормаларынан қарқынды түрде артта қалуына түзету жұмыстарын жүргізу	Үнемі
	Өз білімін жетілдіру мақсатында курстарға қатысу.	Үнемі
	Ұйымдастырылған іс-әрекетте дидактикалық материалдарды кеңінен қолдану	Үнемі
	Балалардың жеке дыбыстардың дұрыс айтылмауымен, сөйлеудің айқын бұрмалануымен көрініетін сөйлеу бұзылыстарымен жұмыс жасау	Үнемі
	Ата-аналардың сұранысы бойынша ОПМПК-ға мінездеме беру	Үнемі
Сәуір	Арнайы әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу, баланың ауызша сөйлеуінде дыбыстардың немесе араласуымен техникасын тексеріп, диагностикалау	Үнемі
	Тіл байлығын жеткізе алмайтын балалармен жекелей жұмыс	Жыл бойы
	Сөйлеу дамуының кешігуі диагнозы бойынша тексеріп, диагностикалау, арнайы әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, түзету –дамыту жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы
	Топтағы тәрбиешілермен бірлесе отырып түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы
Мамыр	Жеке түзете-дамытушылық (ЖТД) бағдарламасын қорытындылау, жылдық жұмысты саралау	15-25 мамыр
	Балалардың даму үдерістеріне динамика	Үнемі
	Балалардың таным үрдістерінің дамуын түзету мәселелері бойынша ОПМПК отырыстарына, облыстық, аудандық	Жыл бойы

	семинарларға қатысу	
	Жылдық жұмыстың қорытындысымен ата-ананы және топ жетекшілерді хабардар ету	15-25 мамыр аралығы

Дефектолог: Тулегенова Г